

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»

М.Әуезов атындағы ОҚМУ
оқу және ОӘЖ жөніндегі
проректоры

Байболов Қ.С.



Бағдарлама

«Бейнелеу өнері: теория және практика»
курсының тыңдаушылары үшін

72 сағат

Шымкент, 2018

Құрастырушы: п.т.к. доцент Болысбаев Д.С.

Бағдарлама «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, ұсынылды.

(хаттама № 2 « 2 » 09 2018 ж.)

Кафедра меңгерушісі Болысбаев Д.С.
(қолы, аты-жөні)

Бағдарламаны Ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бөлімі ұсынды

(хаттама № 1 « 03 » 09 2018 ж.)

ҒПКБАБ жетекшісі Р.А. Рысдәулетов
(қолы, аты-жөні)

М.Әуезов атындағы ОҚМУ ОӘК мәжілісінде мақұлданды және ұсынылды

(хаттама № 1 « 03 » 09 2018 ж.)

ОӘБ жетекшісі Д.А. Куланова
(қолы, аты-жөні)

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Бейнелеу өнері әлемді эстетикалық және рухани түрде меңгеруге және тұлғаның өз ойын білдірудің бір тәсілі болып табылады. «Бейнелеу өнері» пәні студенттердің шығармашылық қабілеттерін, кеңістік-образдық ойлауын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, қоршаған ортаны эстетикалық, эмоционалдық түрде қабылдауларын қалыптастыруға бағытталған. Түрлі өнер салалары бойынша көркем білімдер мен дағдыларды қалыптастыру, әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, студенттердің көркемдік қабілеттерін, кеңістікті және көру арқылы қабылдауларын, елесті, есте сақтау, зейін мен қиялды дамытуға негіз болып табылады. Көркем және басқа түрлі материалдар, құралдары мен тәсілдерін қолдану студенттердің сенсорикасын, қолдың моторикасын және көзбен нақты мөлшерлеуін дамытады.

Курстың мақсаты: Болашақ маманның заман талабына сай заманауи маман ретінде қалыптасуын, өз мамандығының тілін меңгере отырып, өмірде тұлға ретінде қалыптасып даму барысында пайдалана алуына мүмкіндік беру.

Негізгі міндеттер:

- оқу материалдарын түсіндіруде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану;
- жаңа сабақты түсіндіру барысында әр қилы әдіс-тәсілдерді пайдалануды;
- бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру;
- әр түрлі тақырыптағы сабақтарды сауатты өткізе білуді;
- интерактивті тақтада сеніммен жұмыс істеуді;
- жан-жақты дамыған студент тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- оқу материалдарын түсіндіру барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды;
- сабақ жоспарларын және сабақ талдауларын сауатты әрі жүйелі түрде жасап, жүргізуді;
- бейнелеу өнері және сызу саласында жүйеленген білімді қалыптастыруды меңгеруі тиіс.

Курстың мазмұны

Кіріспе

Бейнелеу өнері (ағылш. *Visual arts*) — дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан шартты түрде оларды да Бейнелеу өнері қатарына жатқызады. Сондай-ақ, театр, кино, теледидардағы безендіруді, көркем дизайнды да Бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болған Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттық даму процесі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда Бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Өмір құбылыстары типтік жағынан таңдап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі. Бейнелеу өнерінің көркемдеу құралдарына сурет, түрлі түс, пластика, жарық пен көлеңке, композиция, ырғақ жатады. Шығармалар заттық материалдан дайындалатындықтан оған пәндік, заттық болмыс тән. Бейнелеу өнерінің әр жанры қоршаған әлемнің бейнесін түрліше береді: кескіндеме түрлі түрлі-түсті бояуды, графика түрлі сызықтардың қиылысуын, көлеңке мен жарықтың астасуын, мүсін пластикалық үш өлшемді (биіктік, ендік және аумақтық) пайдаланады. Бейнелеу өнерінің барлық жанрындағы шығармалары мазмұнына қарай монументальді-сәндік және қондырмалы болып екіге бөлінеді. Қондырмалы шығармалар негізінен музейлер, галереялар немесе үй интерьерлерін безендіріп, сол жерлерде орналасады. Монументальді кескіндеме ғимараттардың ішкі қабырғаларында, интерьерде және экстерьерде жазылады. Монументальді мүсін архит. кешендерде, қала көшелері мен алаңдарда, мекеме ғимараттарының қасбеті мен интерьерлерінде орналасады. Шығыс және батыс Бейнелеу өнеріне тарихи даму процесі барысында қалыптасқан портрет, пейзаж, натюрморт сияқты жанрлар ортақ.

«Бейнелеу өнері: теория және практика курсы»

1. Бейнелеу өнері және сызу пән мазмұнының мақсат-міндеттері

Сабақтың дидактикалық мақсаттарының айқындығы. Әрбір сабақта оқыту және тәрбие мақсаты діл қойылуы тиіс. Оқыту мақсаты дегеніміз- жаңа білімді мегеру /бейнелеу өнерінің түрлері, құралдары мен материалдары т.б./, іскерліктің, дағдының қалыптасуы /заттан арап сурет салу, мүсіндеу, тақырып бойынша сурет салу, сәндеу көркем құрастыру/, тәрбие мақсаты-жеке адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру /белсенділік, ұқыптылық, жауапкершілік, ұстанымдылық т.б./

2. Сурет салуды оқытудың шетелдік әдістеріне тарихи шолу

Сурет салу адам үшін маңызды орын алған және ала да береді. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынас мүмкіндігі ретінде қолданылады. Адамның сурет салу дағдысы ерте кезден бастап пайда болған. Археологтардың тапқан суреттері, алғашқы адамдардың бұл жөнінде үлкен жетістіктерге жеткендігін куәландырады. Алғашқы адамдар суретті көмірмен, үшкір тастармен салған. Неолит дәуіріндегі еңбектің жер өңдеу мен қол еңбегі – өндірістік сипаты адамның өнерге деген қатынас сипатын өзгертті. Адамның сурет салуға үйренуі, өз қол еңбегіндегі өнімдерін безендіруге бағытталды. Бұл әсіресе қыш өңдеу өнерінде көрініс тапты. Осыған байланысты оқыту әдістері де пайда бола бастады. Қолөнер шеберлері өзінің шәкірттерінің еңбегіне бейжай қарай алмайды. Ол үшін керегі шәкірт, ұстаз өнерін үйреніп, оны жалғастырғаны, көмекшілікке жарағаны болады.

3. Кеңес кезеңіндегі және Ресейлік оқыту-әдістеріне тарихи шолу

Өз халқының өмір тарихын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын нақтырақ зерттеп білу үшін, оның сан-салалы өнерін оқып үйренудің маңызы зор. “Ел болам десең, бегінді түзе” деген нақыл сөзді Мұхтар Омарханұлы Әуезовтей ғұлама текке айтпаса керек. Бейнелеу өнері алуан қырлы да алуан түрлі. Онда жұмыс істеудің методтары мен техникасы туралы практикалық мағлұматтар берместен бұрын оның түрлері және жанрларымен танысқан жөн. XIX ғасырға дейін архитектура (сәулет өнері), скульптура (мүсін өнері) және живопись (кескіндеме) өнердің басты бір үш түрі болып есептеледі. XIX ғасырдың аяғына қарай өнердің бір түрі – графика (сурет, гравюра, литография) қызметтік және қосалқы түрден өнердің жеке және мүлдем дербес түріне айналды. Соңғы жиырма жылдықта өнердің дизайн сияқты түрі де өте айқын бейнесін тапты.

4. ҚР бейнелеу өнеріне қойылатын қазіргі заманғы жаңа талаптар

Белгілі бір күрделі жұмысты орындау барысында тәжірибелі адам ол күрделі жұмысты жекелеген бөліктерге бөліп, жұмыстың әдіс-тәсілдерін жүйелі бірізділікпен пайдаланып біртіндеп орындайды. Ал суретші белгілі бір бейнені, көріністі бейнелеу үшін алдымен оны қарап, зерттеп күрделілігін анықтап, содан соң бейнені жазықтық бетіне композициялық шешімін тауып

орналастырады. Содан соң бейнедегі жекелеген заттардың көлемін пропорциялық сәйкестігін нақты көрсетіп бейнелейді. Соңында бейнеленген жұмысқа қайтадан жалпы қарап, ондағы бейнелердің көркемдік үйлесімділігін, бірлігін тексереді.

5. Бейнелеу өнері сабағы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру

Білімді терең ұғыну, сонымен бірге сабақта олардың зейінін, байқағыштығын, ынтасын, қызығушылығын үнемі бақылап есепке алу. Сабаққа бөлінген уақытты тиімді және нәтижелі пайдалану. Сабаққа бөлінген уақытты үнемді пайдалану үшін мұғалім сабақ жоспарының жазбасын да, сабақ барысының кезеңдеріне бөлінетін уақытты да көрсеткен жөн. Ол бөлінетін уақыт сабақ мазмұнының күрделілігіне байланысты анықталады.

6. Бейнелеу өнері пәні бойынша оқу материалдарын жоспарлау

XXI ғасыр – ғылым мен білімнің жедел дамуын талап ететін ғасыр. Сапалы біліммен саналы тәрбие беруде дүниежүзілік өркениетке жету XXI ғасыр еншісіне тиіп отыр. Әлем жылдам өзгеруде, бұл қарқынды өзгерістер нәтижесінде «әлемдік білім беру жүйесін қайта құру керек» деген тұжырымдама пайда болды. Қазіргі таңда еліміздегі әлеуметтік-экономикалық түрлендірулер білім беру жүйесіне де өз ықпалын тигізді. Елдің болашағы білім мен ғылымға тәуелді болатыны айдан анық нәрсе. Қазіргі жас ұрпақтың білім мен тәрбиесі қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан да бүкіл жаңарту үрдісінің табысқа жетуінің түйінді факторы ұлттық білім беру жүйесін жаңартудың табысты өтуі болып табылды.

7. Бейнелеу өнері пәні бойынша иллюстративтік тақырыптық жоспарларды жасау

Кейбіреулер оқыту оңай да қарапайым, тіпті оған оқудың да қажеті жоқ, тек өз пәніңді білсең болды деп ойлайды. Бірақ, әрине ол олай емес, тамаша суретші, жазушы, ғалым болғанымен, жақсы оқытушы болмауы мүмкін. Оған дәлел көптеген дәлел көптеген белгілі суретшілер оқыту әдістемесі рөлінің маңыздылығын ескермей, оқытушылық істерінде үлкен дағдарыстарға ұшырады.

8. Табиғат нышандары негізінде салынған суреттер мен кескіндеме тақырыптарын талдау

Натюрморт көшіріп алу методы арқылы кескіндемені түсіну үшін шексіз біздің табиғатта көрген нәрселеріміздің суретін сала білуіміз немесе мүсін адамзат өмірінде бейнелеу өнерінің маңызы өте үлкен. Оның қоғам көркем шығармалар бізді айналамыздағы дүниені жақсырақ, толығырақ түсінуге үйретіп көркем шығармалар бізді ертедегі болған оқиғалармен, әлде қашанғы замандарда немесе

бейнелеу өнері бізге өмірді қолмен ұстап, көзбен көргендей етіп, көркемөнер біздің өз тәжірибесізді өмірден алынған айқын да терең. Суретші өзінің шығармаларында өмірді еш уақытта парықсыз көрсете алмайды.

Суретшінің сұлулықты дұрыс түсіне білуінің маңызы, әрине, зор. Сұлулықты халықты сүйшілік, оның бостандығы мен гүлденуі үшін күрес – суретшінің өмір шындығын түсінуі, оның өмірді шығармасында көрсетуімен тығыз байланысты.

9. Қоршаған ортадағы болмысты эстетикалық тұрғыда қабылдау тақырыптары

Оқытуда да өнердегідей шабыт, сезім, тапқырлық, іске шығармашылық көзқарас болуы маңызды. Кей жағдайда сабақ барысында сабаққа аяқасты өзгерістер енгізуге тура келеді. Мысалы, топқа түсіндірген жаңа сабақ материалын студенттер меңгере алмады, онда мұғалім өткен сабақ материалына оралып жаңа сабақты кішкене бөліктерге бөліп, біртіндеп кезеңдеп түсіндіреді. Кезеңдеп түсіндіру барысында бір кезеңді студенттер меңгергеннен кейін ғана екінші кезеңге көшеді. Сөйтіп жаңа сабақтың меңгерілуі жеңілдетіледі. Міне, сондықтан да дер кезінде сабақты аяқастынан қайта құру мұғалімнен әдістемелік тапқырлықты, шығармашылық көзқарасты, педагогикалық сауаттылықты талап етеді. Мұғалімнің жеке тәжірибелік әдістемесін байытудың бірден-бір жолы – ол педагогика ғылымының жаңа жетістіктерін, жаңа педагогикалық технологияларды жинақтап, зерттеу.

10. Бейнелеу өнері пәні бойынша білімді, іскерлік дағдыларын есепке алу жүйесі

Оқыту мен тәрбиенің бірлігі. Оқыта отырып тәрбиелеудің мәні-тұлғаның өмірге, білімге қатынасын, қабілетін, адамгершілік қасиетін қалыптастыру болып табылады. Білім беру мен тәрбие міндеттерін оқыту барысында шешу мұғалім мен студенттердің ізденіс-әрекетінің нәтижесіне байланысты. Оқытудың ұтымды әдістерін тандап алудың сабақ типтеріне, сабақтың әрбір кезеңіндегі оқу материалының мазмұнына сәйкестігі. Сөз бен көрнекілікті үйлестіру, қазіргі техникалық құралдарды, әсіресе компьютерлерді, бағдарламалап оқыту материалдарын қолдану. Осылардың бәрі оқу еңбегінің өнімділігін арттырады, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді, оқыту барысын басқаруды жетілдіреді

11. Бейнелеу өнерінің қоғамда алатын орны мен ролі

Бейнелеу өнерінің даму жолы бірнеше ғасырларға созылған. Даму барысында

Көркемсурет педагогикасының әдістемелік нұсқаулары берілді, яғни толық фигураны, жалаңаштанған. Суретті салуда сауатты болуға үйретудің мәні бар. Бейнелеу теориясын

сурет көрінісінде кескіндеменің алатын ролі айтылған. Заттарды бейнелеуде белгілі суретшілердің шығармаларын көшіріп алуды көмекші құрал ретінде қолдануға көрнекілікті оқытудың ең сенімді тәсілі әрине суретші педагогтың қолындағы кескіндеме заңдылығының көрнекілігін ашуда ерекше рольді атқарады

12. Өнердегі үйлесімділік пен форманың мазмұны

Өнер адамзаттың өмірқамының ең ертедегі формаларының бірі болып табылады. Алайда бүгінде өмірдің дәстүрлі түсінігі қайта қарастыруды қажет етеді. Өйткені өнер еңбектің, моральдың, діннің қызмет етуін қамтамасыз ететін әрекет түрлерінен жоғары тұрады. Сондықтан да, ең алдымен, өнердің нені білдіретінін ұғынып алу қажет. Профессор Б.Ф. Нұржанов өзінің еңбегінде өнер терминінің қазіргі тілде екі мағынада – кең және тар мағыналарында қолданылатынын айтады (Культурология: курс лекций. Алматы, 1994, 8 б.). Өзінің кең мағынасында өнер адамының барлық шығармашылық жасампаз әрекетін білдіреді және бұл мағынада өндіріс те, тіпті дін де өнердің формалары ғана болып табылады. Әсіресе осы мағынасында ол ежелгі грек тілін де көбірек қолданылады: орыстың “искусство” деген терминімен аударылатын “poiesis” сөзі ежелгі гректерде “білім”, “туынды”, “сана” ұғымдарын да білдіреді.

13. Бейнелеу өнері тарихының бейнелеуші іс-әрекеттеріне қысқаша кіріспе

Бейнелеу өнері тарихы адамзат тарихымен қатар басталған. Көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі жер бетінде болған небір өркениет пен мәдениеттің іздері осы өнер арқылы таңбаланып, бізге жеткен. Бейнелеу өнерінің даму жолы шартты түрде бірнеше кезеңге бөлінеді: алғашқы қауымдық өнер, ежелгі дәуір өнері, орта ғасыр өнері, қайта өркендеу дәуірі, жаңа дәуір өнері, қазіргі заманғы өнер. Жер шарының әр аймағындағы ежелгі адамдар тұрағынан Бейнелеу өнерінің алғашқы үлгілері табылған. [Альтамир (Испания), Ласко (Франция), Кимберли (Австралия) үңгірлері]. Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық өнердің ірі-ірі кешенді түрлері Тамғалыда, Ертіс аңғарында, Орталық Қазақстанда сақталған.

14. Бейнелеу өнері және сызу бағдарламаларының дидактикалық принциптері мен оқытудың міндеттері

Бейнелеу өнерін оқыту барысында қолданылатын принциптің бірі-жүйелілік принципі. Бейнелеу өнерін оқыту белгілі бір жүйеге құрылады. Заттардың суретін салудың өзі бірінші — заттың өлшемдерінің қатынастарын айқындау, формаларына талдау, кеңістіктегі орнына сипаттама беру; екінші зат құрлысын қағаз бетінде жобалау, зат құрлысын салу, формасын шығару, кеңістіктегі қалпын көрсету сияқты үлкен екі жүйеден тұрады. Оқыту барысында біз оқушыларды аз білімнен, көпке, жұмыстың қарапайым дағдыларынан күрделі, дағдыларын меңгертуге басшылық

көрсетеміз. Бұл жерде біз жүйелік пен бірізділік принциптерін басшылыққа аламыз, ал бұлар оқытудың лайықтылық принциптерімен тығыз байланысты.

15. Қазақстан өнеріндегі көркемдік дәстүрлер

Қазақ бейнелеу өнері өзіндік тарихы бар-дүниені көру, түсіну бақылау, байқау негізінде бейнелейтін көркем бейнесін жасайтын халық өнерінің тарихы адамзат тарихымен қатар басталған. Қазақ халқының бейнелеу өнері ертеден белгілі. Бұл күнде кәсіби дәрежеге жеткен қазақ бейнелеу өнерінің кескіндеме мен графика, мүсін халықтық қолданбалы өнер түрлері дамудың сара жолына түскен. Оның барлық түрлері мен жанрлары өркен жайған. Еліміздің тәуелсіздігі кезеңіндегі бейнелеу өнерін зерттеу нәтижелері оның көркемдік дәстүр жалғастығы мен бағыттарын анықтауға мүмкіндік туғызды.

16. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары

«Живопись, сурет, мүсін және сәулет өнердің биік шыңы, барлық ғылымның түп тамыры және живопись түрлерінің жанрлары руханилықтың қайнар көзі» (Микеланджело) Кез келген қоғамның тарихи дамуы мен өркендеуі сол елдің өнері мен мәдениетіне тікелей байланысты. Оған дүниежүзілік деңгейге кеңінен танымал біртуар туындыларымен өз Отандарын әлемге паш еткен Леонардо да Винчи, Микеланджело, Пабло Пикассо, Ә.Қастеев сынды тағы басқа құдіретті өнер иелерінің қас шеберліктері мен атақ даңқтары дәлел. Сондықтан да

3. Тәжірибелік сабақтардың үлгілік тізбесі

1. Қазақстан бейнелеу өнері
2. Өлкеміздің көне сәулет, кент салу өнері
3. Кітап мұқабасын көркемдеу
4. Палеолит, мезолит және неолит өнері
5. Грек өнерінің Батыс Еуропа классикалық өнердегі орны
6. Архаика өнері
7. Ежелгі орыс өнері
8. Афин Акрополь кешені
9. Мысыр өнері
10. Ежелгі мысыр өнерінің кезеңдері
11. Ерте христиандық өнер
12. Роман және готикалық стильдік ерешеліктері
13. Импрессионистер композициясындағы этюдизм
14. Тарихи шығармалар
15. Пейзаж жанры
16. Бейнелеу өнері сабақтарында қазақ халқының ұлттық-дәстүрлік шығармашылығын дайындау
17. Натюрморт және оның оқу процесіндегі маңызы
18. 19 ғасырлық бірінші жартысындағы Франция өнеріндегі реалистік пейзаж

19. О.Ренуардың жанрлы және портреттік жұмыстары
20. 19 ғасырдың 1-ші жартысындағы реализм, академизм, романтизм және сыншыл реализм принциптерінің әсері

4. Ұсынылатын әдебиеттер **Негізгі әдебиеттер**

1. Ростовцев Н.Н. История методов обучения рисования в зарубежных и советских школах. М., Просвещение. 1980.
2. Ростовцев Н.Н. Методика преподавателя ИЗО в школе. М., Просвещение. 1980.
3. Шорохов Е.В. Методика преподавателя композиции на уроках ИЗО. М., Просвещение. 1977.
4. Қ.Ералин., О.Займоғұлұлы., Ғ.Ералина. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. Түркістан. «Туркестан Туран» баспасы. 2011. Б. 225.
5. Ибрагимов Ұлыбек Шарахынұлы. Бейнелеу өнері: жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық / Ұ.Ш. Ибрагимов, Қ.К. Болатбаев. - Алматы: Атамұра, 2000. - 40б.
6. Болатбаев Қ.Қ. Бейнелеу өнері. Оқыту әдістемесі: жалпы білім беретін мектептің 4-сынып мұғалімдеріне арналған / Қ.Қ. Болатбаев, Ұ.Ш. Ибрагимов. - Алматы: Атамұра, 2000. - 136б.
7. У.Ш. Ибрагимов, Қ.К. Болатбаев Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі: жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған. / Алматы: Атамұра, 1998. - 44б.
8. Жеделов Құрманғазы Оразұлы. Бейнелеу өнері: 12 жылдық жалпы білім беретін мектептің 1-ші сыныбына арналған. - Алматы: Алматыкітап, 2003. - 112б.
9. Ақбаева Ш.Ә. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқу құралы / Алматы: «Нұр-принт» баспасы. 2007. Б. 137.
10. Нұрым Қ.Т., Ақбаева Ш.Ә., бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы / - Алматы: Абай атын. ҚазҰПУ-і. » ИП Уатханов А.Ф. » баспасы. 2012. Б. 149.

Қосымша әдебиеттер

1. Кузин В.С. и Кубышкина Э.И. Изобразительное искусство. Учебник 1-2ел.. 3-4 кл. М., Дрофа 1997.
2. Кузин В.С. Психология. 2изд. М., Высшая школа. 1982.
3. Кузин В.С. ИЗО и методики его преподавателя в начальных классах. М., Просвещение, 1984.
4. Сокольникова Н.М. Основы композиции. 5-8 кл. М., Титул, 1996.
5. Сокольникова Н.М. Изобразительное искусство и методика вт начальных классах. М., Асадема. 1999.

6. Барщ А.О. Рисунок художественной средней школе. М., Академия художеств СССР.1963.
7. Беда Г.В. Основы изобразительной грамоты. Рисунок, живопись, композиция. 2+е изд.М., Просвещение.1981.
8. Байжігітов Б.К. Өнер тарихы мен тқориясы:оқу құралы/Б.К.Байжігітов.- Алматы:АлМУ, 1999.-198б.
- 9.К.Өстеміров. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары /Алматы: Алтынсарин атындағы ҚБА,2007.-144б.
- 10.Б.А. Альмухамбетов, Ж.Ш. Балкенов. Сурет салу және бояумен жұмыс жасаудың тиімді әдістері.-Алматы:Б.и., 1982.-29б.